

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің "Дәрі-дәрмек" дәрілік заттар орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 17 қарашадағы N 1591

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат) және "Дәрілік заттар туралы" 1995 жылғы 23 қарашадағы N 2655 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 22, 137-құжат) Заң күші бар Жарлықтарына сәйкес және халыққа сатылатын дәрілік, профилактикалық, диагностикалық және косметикалық заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың, медициналық техника мен емдеу-профилактикалық тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Аймақтық филиалдармен қоса алғанда "Медстандарт" дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және емдеу-профилактикалық тамақ өнімдерінің сапасын бақылау, сертификаттау және стандарттау және мемлекеттік ғылыми-тәжірибелік орталығының негізінде Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің "Дәрі-дәрмек" дәрілік заттар орталығы " республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің Кәсіпорынға қатысты функциясын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік басқару органы болып Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі белгіленсін.

3. Кәсіпорынның негізгі міндеті - денсаулық сақтау саласында дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын қамтамасыз ету жөніндегі өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру, фармацевтік қызметті белгіленген тәртіппен жүргізу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сертификаттау жүйесіне сәйкес дәрілік заттарды сертификаттау белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі бір ай мерзімде кәсіпорынның жарғысын бекітсін және оны белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өткізсін және осы қаулыға сәйкес Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК